

№ 4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

31.03.2025

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру»

Қатысқаны: 29

Өткізу формасы: іскерлік ойын «Алтын қақпа».

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы;
2. «Балабақшаның оқыту-тәрбиелеу үдерісіне мемлекеттік стандарт негізінде кіріктіре оқытудың жағдайы» тексеріс қорытындысы (әдіскер И.А.Джанадилова);
3. «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспарға сәйкес атқарылған іс-шаралардың жартыжылдық есебі» (әдіскер И.А.Джанадилова);
4. «МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық есебі» (әдіскер И.А.Джанадилова);
5. Іскерлік ойын: «Алтын қақпа» (әдіскер И.А.Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова екінші педагогикалық кеңестің барлық шешімінің орындалғанын айтты.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Балабақшаның оқыту-тәрбиелеу үдерісіне мемлекеттік стандарт негізінде кіріктіре оқытудың жағдайы» тексеріс қорытындысы туралы анықтама оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес, 2024-2025 о.ж. наурыз айының 29 мен 30 аралығында барлық топтарда тақырыптық тексеріс жүргізілді. Тексеріс мақсаты – балабақшада жаңа білім беру стандарт талаптарына сәйкес ойындардың жүргізілуін, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кіріктірілуін және апталық циклограммаға сәйкес жүргізілуін бақылау.

Тексеріс міндеттері:

- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу;
- Апталық циклограммаларды тексеру.

Тексеріс барысында төмендегідей нәтижелер болды:

Тексеріс барысында барлық топтарда ұйымдастырылатын іс-әрекеттердің ойындардың қолданылатыны, жүргізілетіні анықталды. Тәрбиешілер ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларды оқытып-үйретудің жетекші түрі, ойын әдісі, баланы жан-жақты тәрбиелеудің құралы, өз бетінше ойын іс әрекеті болып табылатынын түсінеді. Сол себептен топтардың көпшілігінде ойындар жинақталған, барлық топтарда жаңа бағдарламаға және перспективалық жоспарға сәйкес дидактикалық ойындарды әлі де толықтыру қажеттілігі байқалды. Барлық өткізілген ойындар апталық циклограммаға сәйкес жүргізілді.

Әр топта жас ерекшеліктеріне сәйкес ойындардың материалдары жинақталған. Баланы оқытып-тәрбиелеу мақсатында дайындалған ойындар тәрбиешілердің өз қолдарымен жасалған. Топтағы дидактикалық ойындар талапқа сәйкес және көркемдік-эстетикалық мақсатты көздей отырып жасалған. Топтағы әрбір дидактикалық ойынның өзіне тән элементтері бар: дидактикалық міндет, мазмұн, ережесі және ойын іс-әрекеті.

Ортаңғы «Ақбота» тобында тәрбиеші Аманғалиева Ақгүл «Не, қалай дыбыстайды?» ойынын өткізді. Мақсаты – аңдарды дыбыстарынан тануды үйрету. Тәрбиеші АКТ құралдарын қосу арқылы балаларға жануарлар туралы мағлұмат беретін бейнеролик қосты. Балаларға сұрақ-жауап арқылы әр жануарға тоқталып, оларға сипаттама беріп түсіндірді. Балаларды еркін кілемшенің үстіне отырғызу арқылы жануарлардың суреттерін көрсете отырып, әрбір суретке жануарлардың мүлējздарын сәйкестендіріп көрсетті. Балаларды үстел үстіне отырғызып, жануарлардың дайын суреттері бейнеленген парақтарға балалар ермексазды жағу әдісі арқылы және түрлі түсті қарындашты бояу арқылы суреттерді толтырып бояды.

Ұсыныс: ермексазбен жұмысты басқа жұмыс түрімен алмастыру

Ортаңғы «Тәй-тәй» тобында тәрбиеші Қасымбекова Айжан «Кірпіні құрастырайық» ойынын өткізді. Мақсаты-міндеттері: балаларға кірпінің қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету. Жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тапқыты мәнерлеп айтуға ынталандыру. Сенсорика ҰІӨ-нде сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиетпен кіріктірілді. С.Сәрсеновтің «Кірпі» шағын өлеңін оқып берді. Тәрбиеші «Үсті іне тізілген, Қолмен ұстауға болмайды. Сабағынан үзілген, Ошағынан аумайды»,-деп балаларға оқып, балаларды қайталатуға ынталандырды. Барлық балаларға көрнекіліктер толық дайындалған, әр бала тапсырманы жеке орындады.

Ұсыныс: балаларға қатты қыстырғышты бермеу, балалардың қыстырғышпен жұмыс істеу дағдысын дамыту. Суреттегі кірпінің түсін бірдей және шынайы қылу (көк, жасыл, түс дұрыс емес). Кірпінің суретін көрсетіп, сипаттап түсіндіру).

Ортаңғы «Көбелек» тобында тәрбиеші Утарбаева Айгүл «Үйшік» ертегісін мәнерлеп оқып берді. Мақсаты: балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту. Қажетті құралдар болды: саусақ театры қолданды. Тәрбиеші балаларды отырғызып, кішкентай кітаппен ертегінің мазмұнын баяндап, айтып берді. Ойында саусақ театрын қолданды, бала үні ескерілді, балалар өздеріне ұнаған кейіпкерлерді өздері таңдап, саусақтарына киіп ойнады.

Ұсыныс: ширма қолданып, ертегі тыңдауға балаларды дайындау. Ертегіні түсіндіру кезінде балаларға үлкен форматтағы суреттердің иллюстрацияларын қолдану. Циклограммада көрсетілгендей етіп өткізу.

Ересек «Балапан» тобында тәрбиеші Камбарова Жансая «Пішіндерден құрастыр» ойынын өткізді. Тәрбиеші балаларға үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыш туралы геометриялық пішіндерді айтқаннан кейін, балаларды 4 топқа бөлді. Шығармашылық іс-әрекеттермен кіріктіріліп, геометриялық пішіндерді екі топтың балалары желімдесе, бір топтың балалары түрлі түсті бояуды қолданып, геометриялық пішіндерді бояды. Төртінші топтың балалары ермексазбен жұмыс істеді, яғни геометриялық пішіндер бейнеленген суреттердің ішін ермексазбен толтырды. Балалардың шаршағандарын басу үшін сергіту ойыны жүргізілді.

Ұсыныс: бала үшін қолдану, ойында ұйымдастыру жағын және тәрбиешінің балаға түсіндіруін жетілдіру.

Ересек «Гүлдер» тобында тәрбиеші Ақмарал Толыбайқызы «Суретті жина» тақырыбында ойын өткізді. Мақсаты: 3-ке немесе 4 бөлікке қиылған суреттерді жинап, не құрасстырғанын айтуға үйрету. Ойын барысында шаршы, сопақша, үшбұрыш, дөңгелек пішіндерін ажыратты және көк, сары, жасыл түстерді атады. Балаларды топқа бөліп, балалар геометриялық пішіндерді құрастырды. Келесі тапсырмада балалар көк пен сары дөңгелектерді ретімен қойды.

Ұсыныс: көрнекі құралдар аз болды, жеткіліксіз. Құрастыратын заттардың үлгілері жоқ. Балалардың өздеріне жасау.

Ересек «Қошақан» тобында Мухамбетжанова Әсима «Сипаты бойынша тану» дидактикалық ойынын өткізді. Мақсаты: балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға

үйрету. Балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. Тәрбиеші ҰІӨ-ін шаттық шеңберінен бастап, сұрақ-жауап арқылы күз мезгілі, оның ерекшеліктері туралы айтты. Тосын сәт ұйымдастырылып, балаларға «Сиқырлы сандық» ашылды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырды, балалар жұмбақтың шешімін айтқан сайын тәрбиеші аңдардың ойыншықтарын көрсете отырып, сипаттады. Балалар өздері білетін аю туралы тақпақ айтып, сергіту сәтін орындады. Сиқырлы сандықтан келген екінші тапсырмада балаларға келген хатты оқып, «Жануарларды көлеңкеден шығар» дидактикалық тапсырма орындады. Барлық тапсырма балаларға жеткілікті дайындалған, балалар орман жануарларын көлеңкелеріне қарап, сәйкестендірді. Балалардың аңдар туралы білімдерін бекітіп, балалар «Аңның азығын тап» кимылды ойынын ойнады. Балалар бастарына аңдардың атрибуттарын киіп, аңдардың азығы орналасқан межеге қарай сол аңның жүрісін салып, жетіп барып, азығын алып, орнына қайтып келді. Балалар ойынды қызыға орындады.

Ұсыныс: балалардың сөйлеуді дамыту бағдарларын дамыту.

Музыка жетекшісі Ж.Ильтаева ересек «Балапан» тобында музыка ҰІӨ-ін өткізді. Балалар музыка залына музыка әуенімен кірді. Балалар педагогпен әуенге салып, амандасты. Дауысқа жаттығу жасап, дайындап алды. Таңқалу, есінеу психо-эмоциялық жаттығу, бетке арналған массаж жасалды. Балалар көздерін жұмып, әуенді тыңдады. Музыканы тыңдап болғаннан кейін педагог балалардан «Не туралы айтылған?» деген сұрақ қойып, балалар өз ойларын айтты. Мемлекеттік тіл, Отан, туған жер, туған ел туралы айтып, ұлттық аспап домбыра туралы айтып, аспаптың маңыздылығы мен ерекшелігін түсіндірді. Балаларға домбыраның құрылымын ішек, құлақ, тиек туралы балаларға көрсетіп, түсіндірді. Аудиодан күйді қосып, балаларға тыңдатты, жәй және тез, жылдам күйді ажыратты. Сонымен бірге, «Ақсақ құлан» күйін қосып, бұл күйдің шығу тарихын айтты. Сурет салу іс-әрекетімен кіріктіріп, балаларға дайын домбыраның срутеі бейнеленген парақтарды түрлі түсті бояумен боятты. Сөйлеуді дамыту ҰІӨ-мен кіріктіріліп, «Телефон» ойыны арқылы балаларды шеңбер бойымен отырғызып, аудио қосылды, балалар телефонды қолдарына алып, өздеріне қойылған сұрақтарға жауап берді.

Ұсыныс: ойын түрінде өткізу, ойынды бағдарламаның міндетін шешетіндей етіп таңдау.

Музыка жетекшісі А.Мухамбеткалиева ересек «Гүлдер» тобында музыка ҰІӨ-ін өткізді. Балалар музыка залына көңілді музыканың әуеніне қолдарын жоғары ұстап, шапалақтап, 1-2 кимыл жасай отырып кірді. Шеңбер бойымен айналды. Педагог балалармен көңілді, ренжулі, ашулы сияқты әртүрлі эмоцияларды бейнелейтін психо-эмоционалдық ойын ойнатты. Сұрақ-жауап арқылы балалардан қай елде, қандай мемлекетте тұратындықтарын сұрады, балалар өз ойларын айтып, жауап берді. Тақырыппен байланыстырып, педагог балаларға патриоттық әнді 2-3 минуттай тыңдатты. Педагог балаларға жаңа «Менің елім» әнін орындап берді, балалар әнді мұқият тыңдап, педагогтің артынан 1 шумағын қайталап айтты. Музыкалық аспаптарды балаларға түсіндіру үшін педагог «Аспаптар» ойынын ойнатты. Ойынның шарты бойынша, балалар әуенге бидеп, әуен тоқтаған кезде, үстел үстінде алдын ала дайындалған музыкалық аспаптар бейнеленген суреттерді құрастырып, сол аспаптың атын айтып, қалған балалар аспапты қайталады. Ойынды балалар қызығушылықпен ойнап, ойын арқылы музыкалық аспаптармен танысты. «Қысқы орманға саяхат» сергіту ойынында балалар әуеннің сөзіне сәйкес барлық кимылдарды қайталап жасалды, омпка қарларды басты, жаңғақтар терді, қарды қолдарына ұстап айналды, қарды бір-бірлеріне лақтырып ойнады, қоян болып секірді, қоянды түлкі қуды, балалар түлкінің жүрісін салды, шанаға отырып, сырғанады, одан кейін қысқы орманға келіп, қардың үстіне жатып, таңқалды, қардың үстінде домалады, бір-бірін сұтап, айналды. Ойынды балалар өте үлкен қызығушылықпен ойнады, балалардың эмоциялары керемет болды. «Аю» деп аталатын кимылды ойында да балалар әуеннің сөзіне сәйкес кимылдар жасап, аюдан қашты, бұл ойынды да балалар қызығушылықпен ойнай білді.

Ұсыныс: ойын түрінде өткізу, ойынды бағдарламаның міндетін шешетіндей етіп таңдау, басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттермен кіріктіру.

3.Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспарға сәйкес атқарылған іс-шаралардың жартыжылдық есебі» тақырыбында слайд арқылы түсіндірді:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспарға сәйкес ересек топтары «Менің балабақшам» экскурсиясын ұйымдастырды. Ересек «Гүлдер» және «Балапан» топтары балабақша ішіне экскурсия жүргізді. Балабақшадағы барлық кабинеттерге кіріп, балабақшада жұмыс істейтін барлық мамандармен танысты. Менгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, музыка және спорт залдары, сенсорика кабинеті, медбикелер кабинеті, асхана бөлмесіне, костюмдер бөлмесіне барып, ондағы заттармен танысып, қандай мамандар жұмыс істейтіндерін білді.

2024-2025 о.ж. қыркүйек айының 1-нде ересек «Гүлдер» және «Балапан» топтарында «1 қыркүйек – білім күні» тақырыбында білім күніне арналған танымдық-тәрбиелік сағаты өтті. Мақсаты – балаларға білім күні, білім мерекесі, білім туралы түсінік беру, болашақ мектеп оқушысы екенін сезіндіру, мерекелік көңіл күй сыйлау.

Мерекелік ертеңгілікке мектепалды даярлық топтардың бүлдіршіндері қатысты. Аталған іс-шара ҚР-ның мемлекеттік Гимнімен басталды. Тәрбиеленушілерге білім күні, білім мерекесі, білім туралы жалпы түсінік беріліп, түсіндірілді.

2024-2025 о.ж. қыркүйек айының 05-нде тілдер мерекесі күніне орай «Тілім менің - тірегім!» тақырыбында тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттері өтті. Мақсаты – балалардың ана тіліне құрмет сезімдерін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, дұрыс, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтың тілдерін құрметтеу.

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 26-нда ересек топтар арасында «Әжемнің ыстық бауырсақтары» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қазақтың ұлттық тағамы бауырсақтың жасалу жолдарымен таныстыру.(бейне сюжет, алдын ала асханаға саяхат т.б.) «бауырсақты» «қамырдан»(қатты тұздап иленген ұн) есу, ұзу арқылы, әженің үлгісі бойынша орындату, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылық, тазалық дағдыларын қалыптастыру.

2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 26-нда ересек топтар арасында «Садақ ату» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – садақ ату – қашықтықтан дәл көздейтін сол заманындағы суық қарудың түрі. Қарапайым садақты тобылғы, үйенкі сияқты ағаштан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Осы екі аралықты қосып тұрған мықты таспаны қазақ «адырна» деп атаған. «Жай садақ», «Күрделі садақ», «Құрама садақ» туралы, олардың жасалу жолдарын түсіндіру. Ауыз әдебиетінде бұл қарудың «қайын садақ», «қарағай садақ», «үйенкі садақ» деген атаулары кездеседі. Оның «бала садақ» деген де түрі бар. Мұндай садақ ер баланы жаугершілікке, аңшылыққа баулу үшін жасалды.

2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 25-нде кіші топтар арасында «Шаш өру-қазақ қызына тән» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б жан — жакты ұлттық қасиеттерін таныта білу; балалардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту; қазақ халқының әдет — ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру.

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарына сәйкес қазан айында балабақшада «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі өтті. Мақсаты – ата-аналарды балабақшаның өміріне тарту, ата-аналардың белсенділіктерін арттыру, ата-аналар мен балабақша қызметкерлері арасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын насихаттау, күзгі мерекені сезіндіру, мерекелік көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

«Күзгі асар» жәрмеңкесі балабақшаның ауласында ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге барлығы 11 топ, балабақшаның қызметкерлері, тәрбиешілер, ата-аналар және балалар қатысты. Далаға күз мезгіліне арналған музыка қосылып, үстелдер қойылды. Жәрмеңкені Алтын күз кейіпкері келіп, ата-аналарды, балаларды құттықтап, береке, молшылық тіледі. Жаксы тілектер айтылып, жәрмеңкенің ашылғаны туралы хабарланды. Әр топтан ата-аналар мен тәрбиешілер қатысып, өз орындарында дайындаған заттарын қойды. Жәрмеңкеге тәрбиеленушілер күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып ата-аналар мен бірге жасаған колөнер бұйымдары және ата-аналардың өз қолдарымен дайындаған әртүрлі тәтті тағамдары қойылды. Балабақшаның әдіскері Б.С.Кияшева құттықтау сөз сөйлеп, жәрмеңкеге қатысқан барлық топтар мен ата-аналарға алғыс білдіріп, алғыс хат пен сыйлықтар берді. Балабақшаның әкімшілігі көрмеге қойылған барлық заттарды қарап шықты, үздік деп танылған колөнер бұйымдарын анықтап, мадақтама қағаздармен марапаттады. Жәрмеңке өте көңілді, қызықты әрі тартымды, мазмұнды өтті. Келген қонақтар да, ата-аналар да алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес қазан айының 30-нда ортаңғы топтар арасында «Асық ойнау» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – Балаларды асықтың шығу тарихымен таныстыру, асық туралы жалпы мәлімет беру. Асық ойындарының тигізер пайдасы және жүйке жүйесін шыңдауға әсері туралы және асықтың дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейтіндігін ұғындыру. Балаларды асықтың атауларын меңгерту, асық ирудің әдіс – тәсілдерін үйрету.

Аталған іс-шараға ортаңғы топтарының әкелері арнайы шақырылды және ортаңғы топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында әкелер ортаға шығып, сөз сөйлеп, балаларға асық туралы айтып берді. Жүргізуші Н.Нуредилова балаларға асық туралы, асықпен қандай ұлттық ойындар ойналатыны, асықтың неден жасалатыны туралы кеңірек мәлімет берді. Дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Койшыбаева әкелер мен балаларға «Бестемше» ұлттық ойынын көрсетіп, ойынның ережесімен таныстырды. Әкелер екі топқа бөлініп, «Бестемше» ойынын ойнап көрді. Әкелер мен балалар «Асық ату», «Қол күрес», «Шертпек» ұлттық ойындарын ойнады. Тақырыпты жалғастыра отырып, әкелер мен ер балалар жағына «Қойды қырку» ойыны ұйымдастырылды. Әкелер ер балаларға көрсете отырып, қойды қырқуды үйретті. Қыз балалар жағы әжемен бірге жүнді сабауды үйренді.

«Әкелер мектебі» шеберлік сағаты арнайы безендірілген, спорт залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір маркайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық. Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалады.

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қазан айының 17-нде ересек топтар арасында «Әжелің ақ құрты» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қазақ халқының ұлттық тағамы құрттың жасалу жолдарын көрсету; құрттың түрлерімен таныстыру, ұсақ қол моторикасын, тілін дамыту, тазалыққа баулу.

Аталған іс-шараға ересек топтарының әжелері арнайы шақырылды және ересек топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Кездесуге әжелеріміз бүлдіршіндерімізге өнеге сөздерін айтып, құрттың жасалу жолдарын айтып, көрсетті. Жүргізуші Ә.Мухамбетжанова қыз балаларға сиыр саууға арналған ортаны қызықты етіп ұйымдастыра білді. Қыз балалар әжелерімен бірге барып, сиыр сауды. Шелектеріне сүт толтырып, әрі қарай құртты жасалу жолдарын ретімен түсіндіріп, балалар әжелерімен бірге құрт жасап көрді. Балаларға құрт жасау ұнады, қызығушылықпен жасап, мәз болды. Әжелерге алғыстарын білдіріп, қыз

балалар «Домбыра» биін билеп берді. Әжелер де алғыстарын айтып, балаларға баталарын берді.

Іс-шара барысында ардақты әжелеріміз балаларға ас атасы-нанның қыр-сырларын үйретіп, бауырсақтың шығу тарихын түсіндіре отыра, бауырсақтың жасалу жолын көрсетті.

Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалды.

4.Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова МКҚК №9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық есебін оқыды:

№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының ұжымы өз жұмысын №1 педагогикалық кеңесте бекітілген 2024-2025 о.ж. арналған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту» бағыты бойынша жұмыс істейді. Мақсаты - Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай тудызу, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Осыған сәйкес жаңа оқу жылына төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; олардың оймыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
2. Әр тәрбиеленушінің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз бағытта тәрбиелеу;
4. Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары, курстық дайындықтан өту, аттестаттау, түрлі кәсіби байқауларға қатысу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне (құқықтық, кәсіби, қарым-қатынас, ақпараттық) және білім беру талантарына сәйкес кадрлардың әлеуетін дамыту.

Осы бағытты ұстанатын №9 «Жұлдыз-Ай» балабақшасының да алдына қойған мақсат – міндеттері мен бағыты – дені сау, ұлттық сана - сезімі қалыптасқан, рухани ойлау дәрежесі биік, елжанды азамат тәрбиелеу және балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту. Ол үшін біздің балабақшамызда бүлдіршіндердің өзіндік белсенділігі мен іскерлік қабілетін, шығармашылық қасиеттерін дамытып, жетілдіріп, қалыптастыруға толық жағдай жасалған. Қазіргі уақытта балабақшамызда 296 бала тәрбие алып, тәрбиеленуде. Бүгінгі таңда №9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 14 топ жұмыс істейді: 1 арнайы топ, 4 ерте жас тобы, 3 кіші топ, 3 ортаңғы топ, 3 ересек топтар. Балалардың лайықты білім алып, тәрбиеленіп шығуы мақсатында 32 адамнан тұратын кәсіби әрі шығармашыл педагогтардың ұжымы қалыптасқан, олардың 10-ы жас мамандар қатарына жатады.

Педагогикалық құрамы

Жана оқу жылында №9 «Жұлдыз-ай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 32 педагог жұмыс істейді:

- меңгеруші-1
- әдіскер-1
- психолог -2
- дене шынықтыру нұсқаушысы- 1
- Музыка жетекшісі- 3
- Логопед-1
- Дефектолог - 1
- тәрбиешілер-22

Педагогтердің білімі бойынша:

№	Білімі	Педагог саны
1	Жоғары	17 (53 %)
2	Арнаулы орта	15 (47 %)
3	Мектепке дейінгі білімі бар	20 (62,5 %)

Еңбек өтілі бойынша:

№	Еңбек өтілі	Педагог саны
2	0-5 жыл	13 (40 %)
3	5-10 жыл	6 (19 %)
4	10-15 жыл	5 (16 %)
5	15-20 жыл	6 (19 %)
6	20-дан жоғары	2 (6 %)

Санаты бойынша:

№	Санаты	Педагог саны
1	Басшы-менеджер	1 (3 %)
2	II санатты	1 (3 %)
3	педагог-модератор	5 (16 %)
4	Педагог-сарапшы	4 (12 %)
5	Санатсыз	21 (66 %)

«Бірінші байлық - денсаулық» деп дана халқымыз айтқандай, ең алдымен, балабақшамыздың бүлдіршіндерінің өмір мен денсаулығын сақтау және олардың қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл орайда, басты мақсатымыз - денсаулық сақтау күзінеттілігін меңгерген, өз денсаулығын жете түсініп қарайтын және салауатты өмір салтын сақтайтын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Балабақшадағы оқыту-тәрбиелеу жұмысы СанПиН талаптарына сәйкес құрылады, сонымен қатар, педагогтер мен медицина қызметкерлерінің бірлескен жұмыстарының арқасында балабақшада дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының жүйесі құрылып, ол бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылып

келеді. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша балабақша педагогтері ҮІӨ-нде, серуендеу және күнделікті өмірде балалардың қозғалыс белсенділіктерін арттыруға бағытталған сергіту сәттерін, түскі ұйқыдан кейін орындалатын ұйқышар жаттығуларын, нүктелі массаж және тұзды алаша, әртүрлі массаж төсеніштерін, үрлеу әдістерін жүйелі түрде қолданып келеді. Балалармен бірге дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Койшыбаеваның ұйымдастыруымен «Ертөстікпен бірге», «Біз мықтымыз, татумыз» спорттық іс-шаралары, денсаулық күндері ұйымдастырылды.

Балабақшада қыркүйек айынан бастап «Жас мамандар мектебі» жұмыс істейді, мектептің жылдық жұмыс жоспары бар, педагогикалық кеңесте каралып, бекітілген Жыл басынан бері жас мамандармен «Жас маманның бейімделуі» бойынша жас мамандарға арналған сауалнама алынды. «Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында лекциялар ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Барлық топтарда, әкімшілік кабинеттерінде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді (дене шынықтыру залының қабырғаларын, асхана іші, медбике бөлмесі, музыка залы боялды. Топтарда бөлшектеп ыдыс-аяқ ауыстырылды. Бірақ өткізілген материалдық-техникалық базаны жақсарту жұмысы жеткіліксіз, өйткені топтарда бала саны көп болғанына байланысты жұмсақ және қатты инвентарь, жиһаз, ыдыстар алынды.

Медициналық құралдар СанПиН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті препараттармен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Дене шынықтыру залы спорттық құралдармен бағдарламаға сай жабдықталған. Сонымен бірге қазіргі заманғы дәстүрден тыс спорттық құрал-жабдықтармен де қамтылған. Бірақ спортзалға әлі де жеткіліксіз құралдар бар. Ол келесі оқу жылына жоспарланып отыр.

5. Бесінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова педагогтермен «Алтын қақпа» ойынын ойнатты.

Педагогтерді 3 командаға бөліп, тапсырмалар берді.

«Темір қақпа» тапсырмалары:

1. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортадағы орталықтар мен төсеніштер;
2. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортадағы кітап бұрышы, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
3. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортадағы табиғат және ғылым бұрышы, шығамрашылық бұрыштар.

«Күміс қақпа» тапсырмалары:

1. Қазақ халқының ұлттық ойындары;
2. Қимылды ойындар;
3. Ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар.

«Алтын қақпа» тапсырмалары:

1. Ертегі;
2. Тіл ұстарту;
3. Асқа байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.

«Алтын сандық» тапсырмалары:

1. Осы затқа бір бай бүкіл алтынын айырбастауға дайын болды (Н.Ерназардың «Бір үзім нан» ертегісіндегі нан);

2. Ы.Алтынсариннің Злиха мен Бәтима туралы әңгімесіндегі «Асыл шөп» әңгімесіндегі шөптің аты? (сабыр);
3. Бұл затты бір кішкентай қыз терезеден лақтырып жібергенде, оны торғай алып, ұшып кетті (мақта, «Бір уыс мақта» Ы.Алтынсарин).

Підключення шестімі:

1. МКҚК №9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. «2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспарға сәйкес атқарылған іс-шаралардың жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын;
3. Топтардағы заттық-кеңістіктік ортаны жабдықтау жұмысы жалғастырылып, стандарт талаптарына сәйкес жүргізілсін;
4. Қазақ халқының ұлттық ойындары, Қимылды ойындар картотекасын әзірлеу;
5. Әр топқа кітаптар бұрышына мобильді кітапхананы жабдықтау.



С.С. Баймагамбетова

М.С. Абдигазиева